



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH  
NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ

## ВЕСТНИК

СЕРИЯ МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ  
И МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВО

## BULLETIN

SERIES OF INTERNATIONAL RELATIONAL AND  
INTERNATIONAL LAW

1(65) 2014

ISSN 1563-0285  
Индекс 75873; 25873

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

## ВЕСТНИК КазНУ

Серия международные отношения и международное право

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

## KazNU BULLETIN

International relations and international law series

# № 1 (65)

Алматы  
«Қазак университеті»  
2014

25.11.1999 ж. Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және Ақпарат министрлігімен тіркелген

Куәлік № 956-Ж.

(Алғашқы нөмірінің есепке қойылу уақыты 22.04.1992 ж. № 766)

Журнал саяси, философиялық ғылымдар және мәдениеттану бойынша диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғарғы Аттестациялық Комитетімен ұсынылған // Докторлық диссертациялардың негізгі қорытындыларын жариялау үшін Қазақстан Жоғарғы Аттестациялық Комитетімен ұсынылған ғылыми басылымдардың тізімі кіреді // ЖАК бюллетені, №3 1998; Нормативтік және методикалық материалдарын жариялайтын ғылыми басылымдар тізімі Қазақстан ЖАК төрағасының бұйрығы 26. 06. 2003, № 433-3 // Нормативтік және методикалық материалдар жинағы №6 ЖАК.

#### Редакция алқасы:

Шакиров К.Н. – з.ғ.д., проф., ХҚФ деканы, ғылыми редактор  
Губайдуллина М.Ш. – т.ғ.д., проф., ғылыми редактордың орынбасары  
Балаубаева Б.М. – т.ғ.к., аға оқытушы, жауапты хатшы (жұмыс тел.: 8-727-243-83-27)  
Айдарбаев С.Ж. – з.ғ.д., проф.; Байзакова К.И. – т.ғ.д., проф.; Байтукаева А.Ш. – филол.ғ.к., доц; Глиссен Г. – PhD, проф. (АҚШ); Ибрашев Ж.У. – т.ғ.д., проф.; Кукеева Ф.Т. – т.ғ.д., проф.; Макашева К.Н. – т.ғ.д., проф.; Мухаметхан Н. – т.ғ.д., проф.; Сабикенов С.Н. – академик, з.ғ.д., проф.; Сайрамбаева Ж.Т. – з.ғ.к., доц.; Султанов Б.К. – т.ғ.д., ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директоры; Шабаль П. PhD, проф. (Франция); Эшмент Б. PhD, проф. (Германия)

Ғылыми басылым

#### ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СЕРИЯСЫ

№ 1 (65)

Редакторлар: Усенова З., Рустембекова Г.  
Компьютерде беттеген Мухамедьярова К.

ИБ №7250

Басуға 20.02. 2014 жылы қол қойылды.  
Пішімі 60 x 84 1/8. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.  
Көлемі 12,3 б.т. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 737.

Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.  
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2014

<u>4-бөлім</u>	<u>Раздел 4</u>	<u>Section 4</u>
<b>Халықаралық ұйымдардың саясаты және құқығы</b>	<b>Право и политика международных организаций</b>	<b>Law and policy of international organizations</b>
<i>Аманжолов Ж.М., Ахметов Е.Б.</i>		
Проблемы и перспективы в военно-политическом измерении ШОС: научный и международно-правовой анализ некоторых аспектов вопроса.....86		
<i>Жабина Ж.Р., Стамбулов С.Б.</i>		
Позиция КНР во взаимоотношениях с государствами-наблюдателями ШОС.....96		
<i>Күзембаева А.Б., Ұзақбаева Г.Е.</i>		
БҰҰ және аймақтық ұйымдардың бітімгершілік саласындағы ықпалдастығы (НАТО мысалында).....102		
<i>Чукаева С.</i>		
ЮНЕСКО и Казахстан: горизонты сотрудничества .....107		
<u>5-бөлім</u>	<u>Раздел 5</u>	<u>Section 5</u>
<b>Халықаралық құқықтың өзекті мәселелері</b>	<b>Актуальные вопросы международного права</b>	<b>Actual issues of international law</b>
<i>Айдарбаев С.Ж., Жунисов Ж.С.</i>		
Мемлекеттер заңнамаларын жақындастырудың құралдары (әдістері): Еуропалық одақ тәжірибесі.....114		
<i>Шәкіров К.Н., Амандосұлы Б.</i>		
Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі: артықшылықтары мен қауіп-қатерлері.....120		
<i>Орынтаев Ж.К.</i>		
Сравнительно-сопоставительный аспект правового регулирования обращения с отходами в Казахстане и Польше.....125		
<i>Қурманғали М.Ш., Толеген М.А.</i>		
Некоторые проблемы взаимовлияния государства, средств массовой информации и гражданского общества при формировании общественного мнения по вопросам борьбы с преступностью (на примере «дела В. Челаха», связанного с убийством военнослужащих на казахстанско-китайской границе) .....130		
<i>Байжанов М.М., Джолдасбаев О.К.</i>		
Біртұтас экономикалық кеңістікте қылмыспен күресудің өзекті мәселелері.....139		
<i>Байтукаева А.Ш.</i> К юбилею педагога-новатора .....144		
<i>Айдарбаев С.Ж.</i> Нашему юбилю - 60 лет .....145		

## CONTENTS

### Section 1. Actual policy issues of the EU and integration process

<i>Gubaidullina M.</i> Some results of realization of regional Strategy of EU for Central Asia (2007-2013) .....	3
<i>Makasheva K.N., Tauassarova Zh.</i> The problems of internal contradictions in the European Union.....	11
<i>Zakieva Zh.K.</i> Socio-political consequences of the economic crisis in Bosnia and Herzegovina .....	17
<i>Nurdavletova S.M., Golchenko R.</i> Policy of the Member States of the European Union towards Ukraine (2004-2013).....	22
<i>Somzhurek B.Zh., Kurmashev A.K.</i> Key Events in Transformation of Spanish Foreign Policy .....	28

### Section 2. History and contemporary issues of international relations

<i>Idrysheva Zh., Balaubayeva B.</i> Muslim migration problem and politics of south Europe countries.....	32
<i>Mukamethanuly N.</i> Knowledge and policy of Qing empire about Abylay khan.....	38
<i>Mukan S.M.</i> Reciprocal Influence of the Countries Appealing to the Resource Nationalism Policy.....	43
<i>Kravchenko V.V.</i> Franco-british military and political cooperation after the gold war.....	48
<i>Yesbayeva A., Momynkulov Zh.B.</i> Geophilosophical Analyze of the Eurasian Integration.....	55
<i>Alipbayev A., Kerimkulova R.</i> Kazakh-Turkish partnership in our time: key trends and main challenges.....	60
<i>Ormysheva T.A., Akzharov B.K.</i> Problems of ecological movement development in the Republic of Kazakhstan.....	65

### Section 3. Energy problems

<i>Baikushikova G.</i> The place and the role of renewable energy sources in energy policy of the European Union.....	70
<i>Kuzembayeva A.B.</i> NATO and ensuring energy security in the Caspian basin.....	75
<i>Buyzheeva B.Z., Taskaliyeva G.B.</i> The current state of Russian- Japanese economic and energy relations.....	80

### Section 4. Law and policy of international organizations

<i>Amanzholov Zh., Akhmetov Y.</i> Problems and prospects in the politico-military dimension of the SCO: scientific and international legal analysis of some aspects of the question.....	86
<i>Zhabina Zh.R., Stambulov S.B.</i> China's position in its relations with the SCO observer-states.....	96
<i>Kuzembayeva A.B., Uzakbayeva G.</i> Cooperation between UN and regional organizations in peacekeeping (NATO'S case).....	102
<i>Чукаева С.</i> ЮНЕСКО и Казахстан: горизонты сотрудничества .....	107

### Section 5. Actual issues of international law

<i>Aidarbaev S.Zh., Zhunissov Zh.Zh.</i> Methods of legislation convergence of states: experience of the European Union...114	114
<i>Shakirov K.N., Amandossuly B.</i> Formation of General Agreement on Tariffs and Trade and World Trade Organization .....	120
<i>Oryntaev Zh.K.</i> Comparative aspect of legal regulation of waste management in Kazakhstan and Poland.....	125
<i>Құрманғали М.Ш., Толеген М.А.</i> Some problems mutual influence of the state, the media and civil society in shaping public opinion on the fight against crime (On the «case B.Chelah»- murder case military personnel on the Kazakh-Chinese border) .....	130
<i>Bayzhanov M.M., Joldasbayev O.K.</i> Actual Problems of struggle against Criminality in the Common Economic Space.....	139
<i>Байтукаева А.Ш.</i> К юбилею педагога-новатора .....	144
<i>Айдарбаев С.Ж.</i> Нашему юбилю - 60 лет .....	145

ӘОЖ 341: 339. 52 (574)

К.Н. Шәкіров, Б. Амандосұлы\*

Халықаралық қатынастар факультеті,  
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
\*E-mail: A\_bagdat@mail.ru

### Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі: артықшылықтары мен қауіп-қатерлері

Бұл мақалада Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып ену мәселелеріне өзге мемлекеттердің тәжірибесі мен ұлттық ерекшеліктері жан-жақты құқықтық тұрғыдан қарастырылып, оған кешенді талдау жасалынған. Сонымен қатар Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымы туралы келісімде көрсетілген міндеттемелердің барлығын сақтауға ресми түрде дайындығы айқындалады. Автор отандық экономистердің әр салаға байланысты пікірлерін ескеріп және оларға талдау жасай отырып өзінің көзқарасын ұсынады. Соның ішінде ауылшаруашылық өндірісіне байланысты болжамдарға ерекше назар аударады. Қазіргі кезде дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болуға кедергі келтіретін мәселелерді Қазақстан жан-жақты зерттеп, олардың оңтайлы шешілуіне келіссөздер арқылы қол жеткізуде. Осы орайда еркін нарық пен кемсітуге шек қою ережелерін ортақ негізге ала отырып, автор Қазақстанның халықаралық саудаға қатысуы кез келген мемлекет үшін жаңа мүмкіндіктер ашатынын айқын дәлелдеген. *Түйін сөздер:* ДСҰ (Дүниежүзілік сауда ұйымы), Қазақстан Республикасы, мүшелік, артықшылықтар, қауіп-қатерлер.

K.N. Shakirov, B. Amandossuly

### Formation of General Agreement on Tariffs and Trade and World Trade Organization

In this article, international experience and national features of Kazakhstan's accession to the World Trade Organization are considered from the various legal positions, a comprehensive analysis is made. Also the official readiness of Kazakhstan to comply with all obligations under the Agreement of the World Trade Organization is revealed. Considering and analyzing opinions of Kazakh economists applied to various fields, author offers his point of view. In particular, special attention is paid to forecasts related to agricultural industry. Kazakhstan is trying to investigate the problems impeding entry into the World Trade Organization comprehensively, reaching a positive solution by negotiation. In this regard, based on the rules of the free market and limited discrimination author argues that Kazakhstan's participation in international trade opens up new prospects for the state.

*Key words:* WTO - World Trade Organization, the Republic of Kazakhstan, membership, benefits and threats.

К.Н. Шакиров, Б. Амандосұлы

### Вступление Казахстана во Всемирную торговую организацию: преимущества и угрозы

В статье с различных правовых позиций рассмотрены зарубежный опыт и национальные особенности вступления Казахстана в члены Всемирной торговой организации, проведен комплексный анализ. Также выявляется официальная готовность Республики Казахстан к соблюдению всех обязательств, предусмотренных в Соглашении о Всемирной торговой организации. Автор, учитывая и анализируя мнения казахстанских экономистов применительно к различным сферам, предлагает свою точку зрения. В том числе, особое внимание уделяется прогнозам, связанным с аграрной промышленностью. Казахстан старается всесторонне исследовать проблемы, препятствующие вступлению во Всемирную торговую организацию, достигая положительного решения путем переговоров. В этой связи, на основе правил свободного рынка и ограничения дискриминации автор доказывает, что участие Казахстана в международной торговле открывает новые перспективы для государства.

*Ключевые слова:* ВТО (Всемирная Торговая Организация), Республика Казахстан, членство, преимущества, угрозы.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру үдерісі 1996 жылдың 26 қаңтарында ДСҰ-ға Қазақстанның мүше болып кіру туралы өтініші ресми түрде ДСҰ-ның Хатшылығына берілген сәттен басталды. Сонымен қатар 1996 жылдың ақпан айында Қазақстанға ДСҰ-ның бақылаушы ел мәртебесі берілді [1].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Қазақстанның БСҰ-ға кіруі жолындағы келіссөз үдерісі тоқтаусыз жүргізіліп жатыр. Республиканың сыртқы сауда режимін реттейтін заңдарының едәуір бөлігі қазірдің өзінде БСҰ нормаларына сәйкес келтірілді немесе Парламентте талқылану үстінде» [2]. Қазіргі уақыттағы ДСҰ-ның Бас директоры Паскаль Лами «Қазақстан қазіргі уақытта ДСҰ-ға кіру жөніндегі келіссөздері жеткілікті деңгейде ілгері алға басу кезеңінде және менің болжап айтуым бойынша ДСҰ-ға Қазақстанның кіруін осы жылы күтуге болады» деп Гайдаров форумынан тысқары уақытында болған сұхбатында айтқан [3], яғни 2013 жылы Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі болуына жақын арада қосылады.

Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына енген сәттен бастап ДСҰ мүше мемлекеттермен еркін сауда қағидасы мен сыртқы сауда қатынастарында либералды саясат ұстануы тиіс. Кез келген мемлекет үшін ДСҰ-ға ену көптеген міндеттемелер жүктейді. Көп жағдайда бұл міндеттемелер аймақтық және мемлекеттің ішкі өнім өндірушілерінің мүддесіне қайшы келіп жатады. Сол үшін ұйымға енуші мемлекет ДСҰ туралы келісімде көрсетілген міндеттемелердің барлығын орындауға дайын болуы керек. Әрине, ДСҰ-ның көптеген келісімдері Қазақстанның экономикасына жағымды және жағымсыз әсерлері әбден болуы мүмкін.

Дегенмен мемлекетіміздің аталған халықаралық экономикалық ұйымда мүше болуы Қазақстанның бүкіләлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін нығайту үшін кең мүмкіндіктер ашатыны сөзсіз. Ең бастысы, сол мүмкіндіктерді ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеп және оның нәтижесін ұтымды әрі тиімді пайдалана білуге тиіспіз. Сондықтан да ДСҰ құқығы мемлекеттің ұлттық құқығынан басымдырақ. Егер «ДСҰ күзіретінде қандай да бір мәселеге ұлттық құқық қарама-қайшы келсе, онда ДСҰ құқықтың нормасы әрекет етеді, ал ұлттық құқықтың нормалары өзгертілуі тиіс» [4].

Жакупованың көзқарасы бойынша, ДСҰ

мемлекеттен үстем тұратын халықаралық ұйым ретінде қалыптасуда, оған дәлел – келісімнің қатаң міндеттемелік сипат алуы және көпшілік дауыспен шешім қабылдау қағидасы. Алайда бұл ДСҰ мемлекеттен үстем тұратын ұйымдарға жатқызуға негіз бола алмайды, себебі ДСҰ шешімдері мүше-мемлекеттердің аумағында тікелей әрекет етпейді, сонымен қатар жеке және заңды тұлғаларды тікелей міндеттей алмайды [5].

Қазақстанның ДСҰ аясындағы ынтымақтас-тығы ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, инвестициялық ахуалды жақсартуға, жаңа технологияларды енгізуге, ұлттық заңнамаларды жетілдіруге, экспорттаушы субъектілердің әлемдік саудаға толыққанды қатысуымен өркениетті даму жолына түскен мемлекетіміздің оң саяси имиджін қалыптастыруды ынталандырады. Жакупованың пікірі бойынша:

– Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі ұзақ мерзім аралығында оңды нәтижелер әкелуі мүмкін, ал қазіргі жағдайда Қазақстан экономикасы ДСҰ-ға бірден кіруге дайын емес, өйткені жаңа заңдарды қолданыстан өткізуге, отандық өндірушілердің күшеюіне, жеңіл өнеркәсіптің жандануына, экспорттық қабілетті арттыруға, сыртқы қарыздардан құтылуға, білікті мамандар дайындауға, аграрлық және өнеркәсіп саласын ашуға уақыт керек. Себебі олар ішкі нарықты толық әрі қауіпсіз деңгейде қамтамасыз етуі тиіс.

– Мемлекеттің нақты ұстанымы ДСҰ-ға мүшеліктің артықшылықтарын есепке алуымен ғана емес, керісінше нақты қауіп-қатерді бағалаудан кейін қалыптасады, себебі ең басты мақсат ДС-ға мүшелікке өту ғана емес, сонымен қатар мүшелілік шарттары Қазақстанға тиімді келісімдерге қол жеткізуді қамтамасыз етуде. Қазақстандық тараптың ұстанымы ДСҰ-ның дауларын реттеу бойынша Органның шешімдері және халықаралық тәжірибенің негіздері ДСҰ-ға мүшелердің міндеттерін және халықаралық құқықтарын дұрыс түсіну мен талқылауға негіздеуі тиіс;

– ДСҰ көпжақты сауда келісімдеріне жан-жақты талдау жасау арқылы қазақстандық тарап көптеген артықшылықтар мен құқықтарға ие болуы мүмкін.

– ҚР-ның заңнамаларында аздаған кемшіліктер бары рас. Алғашқы бейімделу кезеңдерде ДСҰ талаптарын бұзды деп басқа мемлекеттер мен ҚР арасында даулар туындамас

үшін осы кемшіліктерді міндетті түрде жою керек [5, 7-8 б.].

Атап өтетін жағдай 2000 жылы қазан айында ЕО, ал 2002 жылы АҚШ қазақстандық нарықтық сипаттағы экономиканы ресми түрде мойындады. Бұл Қазақстанға сыртқы сауданы әлемнің барлық елдерімен ортақ ережелер бойынша демпингке қарсы зерттеуден бөлек жүргізуге мүмкіндік берді. Мұндай зерттеулерге қазақстандық шойын, уран импорты, әртүрлі елдердегі басқа да тауарлар ұшырады. 2002 жылдың сәуірінде Қазақстан уран импорты бойынша демпингке қарсы АҚШ округтік сотында жеңіп шықты. Еліміз қазақстандық түсті металлургия өнімі, ферросилиций, феррохром, жоғарғы байытылған уран және тағы басқалар экспортында Үндістан, Мексика, Бразилия, Колумбия және Венесуэла тарапынан зерттеулерге ұшырады. Осыларды қарастыра келе аталған мемлекеттер Қазақстан экономикасын нарықтық емес ел ретінде танып дискриминациялық шараларды қолдануда және өнімнің өзіндік құнын есептегенде кәсіпорындағы нақты деректермен емес, «жауапқа қабілетті өзіндік құн» бойынша анықтайды. Украина мен Қазақстаннан енгізетін шойын қатынастарында Ресейде демпингке қарсы тергеуді талап ететін дауыстар естіледі. Қазіргі кезде демпингке қарсы процедуралар АҚШ-тан басқасын алғанда, Австралия, ЕО, Канада, Үндістан, ОАР, Аргентина, Бразилия, Корей Республикасы және Мексика мемлекеттерінде өте жиі қолданылады. Бұл елдердің барлығымен Қазақстан сауда жасайды [6].

Алайда Қазақстан экономиканың нарықтық мәртебесі оның тауарларына қатысты демпингке қарсы тергеулерді қолданумен қатар, басқа да дискриминациялық шараларды алып тастау мүмкіндігі жөнінде елдерге әлі кепіл бере алмайды. Сондықтан егер Қазақстан ДСҰ-ға мүше болмаса, қандай да бір ұқсас жағдай орын алса онда ол бұл ұйымның құқықтық тетіктерімен қолдану мүмкіндігі болмайды [6, 13 б.].

Қазақстанның ДСҰ-ға қосылуынан кейін күтетін артықшылықтары мен тәуекелдерін анықтау өте маңызды және:

– Қазақстан ішкі нарығы «тар» ел болып табылады, сондықтан да оған экономикалық өсудің көздерін іздеу ғана қалады, ол үшін сыртқы нарықтарға өз тауарлары мен қызметтерінің артықшылықтарын үлкен көлемде алға басу мүмкіндігі бар, бұдан сыртқы сауданың белсенді дамуын болжауда;

– ДСҰ-ға мүше болуы Қазақстанға бір жүйеге келтірілген халықаралық құқықтық сауда кеңістігіне шығатын жолды қамтамасыз етеді, яғни барлық экспорттаушылар мен импорттаушылардың тұрақты және болжамды талаптарды ұсынуы, бұл оған 78-82% сауда әріптестерімен танылған ДСҰ-ның ережелері мен тетіктерін пайдалануға және халықаралық саудаға қатысудың өркениетті түрлерін жетілдіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде Қазақстанның басқа елдер тарапынан тежеу шараларынан қорғалуы едәуір жоғары дәрежеде қамтамасыз етіледі (оларға демпингке қарсы процедураларды ұйымдастыру қиынға соғады), сонымен қатар қазақстандық экспорт жолындағы сыртқы бөгеттерді шеттетеді.

– ДСҰ-ға мүшелік ету, қазіргі заманғы технологиялар мен еңбекті ұйымдастыру әдістері, еркін және тез капитал айналысын, өнеркәсіп өндірісіндегі шетел инвестициясы ағынының көбеюін кең көлемде таратуына жәрдемдеседі.

– Экономиканың ашықтығы мен бәсекелестіктің өсуі отандық салалар мен кәсіпорындарды өз өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін көтерумен және өндірісті жаңарту және қайта құрылымдаумен белсенді айналысуға мәжбүр етеді;

– Қаржылық ағымдар мен кәсіпкерлердің шаруашылық қызметтері үкіметтік сатып алулардың тұнықтығы жоғарылайды;

– ДСҰ шеңберіндегі Қазақстан үшін Сингапур мәселесіне қатысты төрт маңызды сұрақтар бойынша өте күрделі келіссөздер жүргізілуде: бәсекелестік және инвестиция аясында тәжірибедегі жан-жақты ережелерді дайындау мен жүзеге асыру, сонымен қатар үкіметтік сатып алулардың тұнықтығын қамтамасыз ету бойынша шаралар және ең алдымен, дамушы елдердегі сыртқы сауда операцияларына жәрдемдесу. Сол кездегі үдеріс барысында қарастырылған талаптарға сай Қазақстан келіссөздердің жаңа рауындының толық құқықты қатысушысы бола алады [6, 17-19 б.].

– Бұдан басқа қазақстандық шикізат өнеркәсібінің секторы экспортқа бағытталғанын ескеру қажет, ал қазақстандық тауарларға экспорттық баж бекітілмейді. Егер бұл сектордың кәсіпорындары инвестициялық тауарларды импорттаса, онда олар кедендік баждардан босатылады, сондықтан да бұл сектордың мәселелері ДСҰ-ның мүшелігімен байланысты пайда болмайды, олар Қазақстанның ДСҰ-ға кіруіне кез



келген уақытта дайын. Өңделетін өнеркәсіп секторындағы ең басты мәселе – сол салалар мен кәсіпорындардың көпшілігінің бәсекеге қаблеттілігінің төмен болуында. Бұған қосымша егер ДСҰ-да кедендік тарифтің орташа өлшемдік мөлшері 4% құраса және сол салалар бойынша 7%-дан 15%-ға дейін толыққса, онда бұндай мөлшерлер Қазақстан үшін әбден қолайлы, әсіресе орташа өлшемдік тариф мөлшері оларда 8-9%, яғни ДСҰ мөлшерінен алыс емес. Жалпы алғанда, Қазақстандағы орташа өлшенген мөлшерінің деңгейі ДСҰ-да 9%-дан 10% қарсы құрайды.

Осылайша, ДСҰ-ға кіру Қазақстан үшін үлкен қызығушылық білдіретін тауарлар бойынша қолданыстағы кедендік баж мөлшерінің елеулі төмендеуін тудырмайды. Тіпті жекелеген тауарлар бойынша оларды бірнеше пайыздық пункттерге төмендетуге тура келсе де, бұл отандық тауар өндірушілерінің ұстанымдарына да, мемлекеттік бюджетке де айтарлықтай әсерін тигізбейді. Қазақстандық экономистердің бұл есептеулері Қазақстанның ДСҰ-ға кіруден туындайтын қауіптер тек қиялдық сипатта екенін көрсетеді [6, 21-24 б.].

Қазақстандық экономистердің пікірі бойынша, Қазақстан экономикасының барлық салалары ішінен ДСҰ-ға кіруде қорғау мен қолдауды қажет ететін жалғыз сала – ол ауылшаруашылығы. Қазақ ұлтының генофондын қалыптастыратын және ұлттық мәдениеттің, рухани байлықтардың, салт-дәстүрлердің басты қорғаушысы мен тасымалдаушысы болып табылатын Қазақстан халқының 44% күнделікті қызметімен және өмірлік әрекетімен ауылшаруашылығының дамуы мен жұмыс істеуіне байланысты болып келеді. Бұдан басқа, ауылшаруашылығымен мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі тікелей байланысты. Қазақстан үшін бұл сала көптеген маңызды қызметтерді атқарады және оның дамуы бүкіл елдердің өркендеуі үшін мультипликативтік әсер тигізеді. Бір жағынан, ол бірнеше өнеркәсіп салалары үшін шикізаттың әралуан құнды түрлерін жеткізеді, екінші жағынан, ол отандық өнеркәсіп өнімдерінің көрнекті тұтынушысы болып табылады, атап айтқанда, ауылшаруашылық техникасы, жанар-жағармай өнімдері, құрылыс, көлік. Осылайша, көрсетілген сала басқа да экономика салаларындағы халықтың жұмыспен қамтылуы мен олардың өнімдеріне деген сұранысын қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда

халық шығыстарының шамамен 55,8%-ы ауылшаруашылық және өнеркәсіптік өнімдерді сатып алуға жұмсалады, ал бұл ақшалар отандық өндіріс пен қайта өндіру процесінің дамуына жұмсалады. Бұл ретте Республика астық шаруашылығының басым бөлігі тәуекелді егін шаруашылығы зонасында тұр, мал шаруашылығы да үлкен тәуекелмен дамып келе жатыр. Қазақстан ауыл шаруашылығы өнімдерінің бір бөлігі оларды өткізу нарығына тікелей шығу мүмкіндігіне ие болмай, көлік және теміржолдары арқылы экспортталады. Бұл жағдайларда ауылшаруашылық өндірісін қолдау мен қорғаудан бас тарту мемлекет үшін өте қауіпті болатын жағымсыз салдарларға алып келуі мүмкін, өйткені өнеркәсіптік өндірісте импорттық тауарлармен бәсекелестік жағдайды жақсарту алатын болса, оған қарағанда ауылшаруашылық өндірісі жекелеген тауарлар бойынша импорттық тауарлармен бәсекеге түсе алмайды, ол тек қайтымсыз құлдырауға келеді, ал бұған жол бермеу керек, себебі мұндай жағдайда 6 млн адам көрші мемлекеттер мен қалаларға қоныс аударуға мәжбүр болады. Мұның нәтижесінде болжамсыз әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың қалыптасуы пайда болады. Сондықтан ауылшаруашылық өндірушілері мен ауыл жұмыскерлеріне салық салудан бас тарту, ауылшаруашылық тауарларының өндірісіне берілетін мақсатты көмекқаржы Қазақстанға дамыған мемлекеттер тарапынан жасалатын миллиардтаған көмекке қарағанда түкке де тұрмай қалады, егер мұндай жағдай болып жатса [6, 37-38 б.].

Жоғарыда айтылып өткен мән-жағдайларды ескере отырып, қазақстандық экономистер Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар астық пен етті, Жапония күрішке қатысты жасаған сияқты, ДСҰ шартының әрекет ету өрісінен шығаруға қол жеткізу маңызды деп есептейді. Олардың пікірінше, оның орнына, бәрібір фермерлерге жетпей, түрлі делдалдарда қалып қоятын ауылшаруашылық экспортын қаражаттандырудан бас тарту керек. Қазіргі кездегі жағдайларда Қазақстанның ауылшаруашылық тауарлар топтарының импорттарына қойылатын қорғаныштық тарифтері көптеген ДСҰ-ға мүше-мемлекеттердегіден әлдеқайда төмен. Осылайша, қазақстандық орташа өлшенген мөлшерлеме ДСҰ-ға мүше ретінде Аргентина – 33%, Венгрия – 22,2%, Норвегия – 123,7%, ЕО – 19,5%, Румыния – 99%, Польша –

53%, Болгария – 35% және Латвия – 34% сияқты мемлекеттерге қарсы 16,3 %-ды құрайды [6, 37-39б.]. Қазақстанның көрсетілген шарттарға қол жеткізе алатындығын уақыт көрсетеді.

ДСҰ-ға кірумен байланысты Қазақстан үшін жалпы алғанда артықшылықтар мен тәуекелдер осындай сипатқа ие.

Осылайша, қазақстандық ғалым-экономистердің пайымдауынша, ДСҰ жүйесі ең әмбебап және толық жетілген болып табылады, ал әлемдік сауданың басым көпшілігі бұл ұйымға мүше-мемлекеттермен жүзеге асырылады, сондықтан шағын ішкі нарығы бар және ұлғайып бара жатқан әлемдік нарықтарға қол

жеткізуді қажет ететін Қазақстанның ДСҰ-ға кіруі әлемдік экономикалық жүйеде өзінің позициясын нығайту жолындағы тосқауылдар мен мәселелердің жойылуын қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда, олардың әділетті пікірінше, бұл ұйымға кіруге балама негіздер бойынша іс жүзінде жоқ, мәселе тек қана бұл ұйымға қандай негіздерде кіру керек екенінде [7]. Осыны ескеретін болсақ, халықаралық саудаға қатысу кез келген мемлекет үшін жаңа мүмкіндіктер ашатыны айқын көрінеді. Жоғарыдағы ұйымға мүше 157 мемлекет үшін осындай артықшылықтар мен мүмкіндіктерді ДСҰ беріп отыр.

### Әдебиеттер

- 1 Основные этапы переговоров. Информационный центр по вопросам вступления Казахстана в ВТО. АО «Центр развития торговой политики» при Министерстве экономического развития и торговли Республики Казахстан 2012 // <http://www.wto.kz/ru/kazwto/join/phases/> (28.11.2013)
- 2 Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 01.03.2006. // [http://akorda.kz/pda.php?r=page/view&sefname=page\\_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2006-zhylhy-1-nauryz\\_1343986805&language=kz#page](http://akorda.kz/pda.php?r=page/view&sefname=page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2006-zhylhy-1-nauryz_1343986805&language=kz#page) (29.11.2013 ж.)
- 3 Казахстан может вступить в ВТО в 2013 году - гендиректор ВТО. 1999 - 2013 Информационное агентство Zakon.kz // <http://www.zakon.kz/4536060-kazakhstan-mozhet-vstupit-v-vto-v-2013.html> (29.11.2013 ж.)
- 4 Шумилов В. М. «Право ВТО и законодательство России» опубликовано: 29.05.2013 09:32 // [http://www.eurialegal.info/index.php?option=com\\_content&view=category&id=1:eurasianintegration&layout=blog&Itemid=1](http://www.eurialegal.info/index.php?option=com_content&view=category&id=1:eurasianintegration&layout=blog&Itemid=1) (04.12.2013 ж.)
- 5 Жакупова Р.Б. Перспективы правового регулирования сотрудничества Республики Казахстан со Всемирной торговой организацией (ВТО). Автореферат диссертации кандидата юридических наук: 12.00.10. – Алматы, 2002. – 30 с. – С.10.
- 6 Есентугелов А., Оразбаков Г., Джантемирова Д., Есентугелов К. Проблемы и последствия вступления Казахстана во Всемирную торговую организацию. – Алматы, 2002. – 97 с. – С.15.
- 7 Вступление Казахстана в ВТО: последствия для устойчивого развития. – Алматы, 2002. – 112 с. – С.26.

### References

- 1 Osnoynyye etapy peregovorov. Informatsionnyy tsentr po voprosam vstupleniya Kazakhstana v VTO. АО «Tsentr razvitiya itiyatorgovoy politiki» pri Ministerstve ekonomicheskogo razvitiya i trgovli Respubliki Kazakhstan 2012 g. <http://www.wto.kz/ru/kazwto/join/phases/> (28.11.2013 zh.)
- 2 Kazakstan özdamuyndağy zhaña serpilis zhasau karsaundy. KR-nyñ Prezidenti N.Ә.Nazarbayevtyñ K, azakstan khalkyna Zholdauy. 01.03.2006zh. // [http://akorda.kz/pda.php?r=page/view&sefname=page\\_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2006-zhylhy-1-nauryz\\_1343986805&language=kz#page](http://akorda.kz/pda.php?r=page/view&sefname=page_kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2006-zhylhy-1-nauryz_1343986805&language=kz#page) (29.11.2013 zh.)
- 3 Kazakhstan mozhetvstupit' v VTO v 2013 godu - gendirektor VTO. 1999 - 2013 Informatsionnoyeagentstvo Zakon.kz <http://www.zakon.kz/4536060-kazakhstan-mozhet-vstupit-v-vto-v-2013.html> (29.11.2013 zh.)
- 4 «Pravo VTO i zakonodatel'stvo Rossii» Shumilov V.M., d.u.n., professor, zaveduyushchiy kafedroy mezhdunarodnogo prava vsrossiyskoy akademii vneshney trgovli, opublikovano: 29.05.2013 09:32 // [http://www.eurialegal.info/index.php?option=com\\_content&view=category&id=1:eurasianintegration&layout=blog&Itemid=1](http://www.eurialegal.info/index.php?option=com_content&view=category&id=1:eurasianintegration&layout=blog&Itemid=1) (04.12.2013 zh.)
- 5 Zhakupova R.B. Perspektivy pravovogo regulirovaniya sotrudnichestva Respubliki Kazakhstan so Vsemirnoy trgovoy organizatsiyey (VTO). Avtoreferat dissertatsii kandidata yuridicheskikh nauk: 12.00.10. – Almaty, 2002. – 30 s. – S.10.
- 6 Yesentugelov A., Orazbakov G., Dzhantemirova D., Yesentugelov K. Problemy i posledstviya vstupleniya Kazakhstana vo Vsemirnyu trgovuyu organizatsiyu. – Almaty, 2002. – 97 s. – S.15.
- 7 Vstupleniye Kazakhstana v VTO: posledstviya dlya ustoychivogo razvitiya. – Almaty, 2002. – 112 s. – S.26.